

З.Н.Жуынтаева, М.А.Тұрсынова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zamza_bota@mail.ru)***Көне түркі тіліндегі сөз тіркесінің қолданысы**

Мақалада көне түркі тіліндегі сөз тіркесінің қолданылу жайы сөз болды. Авторлар септік, тәуелдік, жіктік, көптік жалғауларының әр түрлі синтаксистік қатынасқа түсе отырып, сөз тіркесін тудыра алатындығына тоқталды. Сөйлемдегі сөздер орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысатындығы көне түркі тілінің фактілерімен дәлелденді. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің байланысу түрлерінің ескерткіштердегі көрінісі тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы жүзеге асырылды.

Кілмті сөздер: сөз тіркесі, есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі, синтаксис, аналитикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, жанасу.

Тілдің қай саласын алсақ та, оның пайда болу көзі көне дәуірден басталатыны белгілі. Қазіргі таңда Елбасымыздың «Мәдени мұра» бағдарламасында да тарихи жазба жәдігерліктерді зерттеу қажеттігіне баса назар аударылған. Сондықтан жазба жәдігерліктің тілін қарастыру — үлкен мәселелердің бірі. Олай болса, біздің мақсатымыз көне түркі тіліндегі сөз тіркестерінің қолданысын, сөздердің байланысу тәсілдері мен формаларын, олардың ерекшеліктерін қарастыру болып табылады. Алфавиттік жазудың пайда болу тарихы, шығу тегі өте күрделі де, шешілмеген жұмбақтарға толы. Өйткені алфавиттік жазу — дүние жүзі мәдениетінің қол жеткен табысы болса, бұл мәдени мұраға біздің ата-бабаларымыз да өзіндік үлес қосып, келер ұрпаққа мирас еткен. Алғашқы әріп жазуының бір тармағы руникалық көне түркі алфавиті болып табылады. Бұл алфавитпен жазылған ескерткіштер — көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім өресінің ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіші.

Көне түркі руникалық жазуы арғы ата-бабаларымыздың 1500 жыл бойы қолданған төл жазуы екендігі ешқандай күмән туғызбайды. Бұл алфавит б.з.д. 1 мың жылдықтың ортасынан біздің заманымыздың 1 мыңжылдығының аяқ кезіне дейін өмір сүрген.

Көне түркі руникалық таңбаларының шығу тегі басқа көне алфавиттердің шығу тарихымен тамырлас. Руникалық жазудың о бастағы түпкі негізі біздің заманымызға дейінгі III–II мың жылдықтағы беймәлім идеографиялық немесе алфавиттік жазу болуы ықтимал, ал басқа көне алфавиттермен ішінара ұқсастықтар олардың арғы тегіндегі бастауы бір екендігін көрсетеді [1].

Қазақ тілі — көркемдігі мен мүмкіндігі жағынан дүние жүзіндегі теңдесі жоқ тіл, көне түркі тілінің мұрагері. Тілдің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты. Халық тарихы, шежіресі көне, орта түркі жазбаларында көрініс тапқан.

Ешбір байланыссыз синтаксистік конструкциялардың болмайтындығы белгілі. Жеке сөздің екінші сөзбен тұлғалық жағынан байланысуы, негізінен, сөз тіркесінде болатын құбылыс.

Сөздерден — сөз тіркесі, сөз тіркестерінен сөйлем құралады. Сөз де, сөз тіркесі де — сөйлем құраудың негізгі материалдары. Сөздердің синтаксистік байланысын сөз еткенде, оның екі тәсілі болатынын ескеру керек. Олардың біріншісі — аналитикалық, екіншісі — синтетикалық тәсіл. Сөздер аналитикалық тәсіл арқылы байланысқанда, олар қосымшаны қажет етпейді, ол сөздердің байланысуына интонация, сөздердің орын тәртібі және шылау көп көмегін тигізеді.

Ескерткіштер тіліндегі сөйлем ішінде кездесетін сөздер қалай болса, солай айтыла бермейді. Олар белгілі бір тәртіп бойынша өзара мағыналық және тұлғалық жақтарынан бір-бірімен байланысып келеді. Олар белгілі сөз тіркестерін жасайды. Бірақ сөз тіркестерінің құрамында кездесетін сөздер әр уақыт тең дәрежеде байланыспайды, бірі екіншісіне бағынып байланысады. Осыған орай олар не салаласа, не сабақтаса тіркеседі [2; 108].

Қазақ тіліндегі сөздер салаласа байланысқанда, басыңқылық-бағыныңқылық қатынаста емес, тең қатынаста, қатар байланысады (*боран мен аяз, сүйкімді, мақтаулы, ағын да, қарасын да*)... Сөйлем құрамынан алынып қалғанда, бірыңғай мүшелі сөз тіркестері түсініксіз болып шығады, яғни сөз тіркестерінің бұл түрі сабақтас сөз тіркестерімен салыстырғанда, сөйлемнің «құрылыс материалы» екендігін сенімді дәлелдесе керек. Салалас сөз тіркестеріндегі синтаксистік қатынастардың сан жағынан сабақтас сөз тіркестерінің сан мөлшерінен артық болуы өзінен-өзі түсінікті болса керек,

өйткені бұл бірыңғай мүшелердің тіркесі болғандықтан, сөйлем мүшелерінің мағыналарын еске салады [3; 589–590]. Дәл осы тәріздес сөз тіркесінің түрі бізге көне түркі тілінен жеткендігі даусыз. Оны мына мысалдардан аңғаруға болады. *Түрк будун қанын болмайын Табғачда адырылты, қанланты — Түркі халқы ханы болмай Табғаштан бөлінді, ханданды. Қаны сүсі тіріліміс — Ханы, әскері (түгел) жиналды.* Сөйлемдердегі *адырылты, қанланды* (бөлінді, ханданды) немесе *қаны сүсі* (ханы, әскері) сияқты тіркестер салаласа байланысқан.

Сабақтаса байланысқан сөз тіркестері бағыныңқы және басыңқы сыңарлардан тұрады. Сабақтаса байланысқан сөз тіркестері жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі арқылы байланысады.

Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуы синтетикалық байланыс деп есептеледі. Жалғаулардың ішінде ерекше қызмет атқаратыны — септік жалғаулары. Септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырып қана қоймайды, әр түрлі синтаксистік қатынасқа түсе отырып, тұтас сөз тіркесінің қатынасын тудырады. Мысалы: *Қағаныма өтүнүп сүлетдім — Қағаныма өтініп, соғыстым. Ол сабығ есідіп — Ол сөзді есітіп. Йарыс йазыда он түмен сү тірілті тір — Йарыс жазығында он мың әскер жиылды. Оғыздантан көрүг келті — Оғыздан елші келді. Қағанымын сүлетдіміз — Қағаныммен бірге соғыстық.* Сөйлемдердегі *қағаныма өтүнүп* (қағаныма өтініп) барыс жалғаулы, *сабығ есідіп* (сөзді есітіп) табыс жалғаулы, *йазыда тірілті тір* (жазығында жиылды) жатыс жалғаулы, *оғыздантан келті* (оғыздан келді) шығыс жалғаулы, *қағанымын сүлетдіміз* (қағаныммен соғыстық) көмектес септік жалғаулы сөз тіркестерін жасап тұр.

Тәуелдік жалғаулары арқылы да сөз тіркестері байланыс жасай алады. Олар сөз тіркесінің соңғы сөзіне жалғанады. Тәуелдік жалғаулары матаса байланысқан сөз тіркестерінің бағындырушы сыңары болып, ол сөзді ілік жалғаулы сөзбен ұштастырады. *Бенің будунум анта ерүр тіміс — Менің халқым да сонда болар еді. Бенің будунум* (менің халқым) матаса байланысқан сөз тіркесінің қазіргі қазақ тілінен еш айырмашылығы жоқ. Кейде ілік септігі түсіріліп те қолданылады. *Түрк будун Табғачда көрур келті — Түркі халқы Табғашқа бағынатын еді* немесе *Табғаш қаған йағмыз ерті — Табғаш қағаны жауымыз еді.*

Жіктік жалғаулары сөйлем ішінде баяндауыштың тұлғасын көрсетіп отырады: *мен оқимын, сен көресің* т.б. Жіктік жалғауы қиыса, меңгеріле, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларына жалғанады. Әрине, жіктік жалғауын қабылдауға бейім сөз етістік, сол сияқты есімдер де жалғауды қабылдап, баяндауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы, *Білге Тоникүк бен өзүм Табғач іліңе қылынтым — Білге Тоникүк мен өзім Табғаш елінде тәрбиелендім.* Мұнда *мен тәрбиелендім* сөз тіркесі қиыса байланысып тұрса, *Өңре қытаньғ өлүртечі тірмен — Шығыста қытанды қырар дермін* деген сөйлемде *қытаньғ өлүртечі тірмен* (қытанды қырар дермін) сөз тіркесі меңгеріле, *Өзүм қары болтым улуг болтым — Өзім қартайдым, үлкен болдым* дегенде *улуг болтым* (үлкен болдым) қабыса байланысқан сөз тіркесін жасап тұр.

Көптік жалғаулары сөйлемнің бастауышы мен баяндауыш мүшелерінің қиысуына қызмет етеді. Көптік жалғауы зат есімге, заттанған сөз таптарына жалғанады. Бұл жалғау арқылы қиыса байланысқан сөз тіркестері жасалады. Мысалы: *Түрк беглер түрк атын ыты, табғачы беглер табғач атын тұтыпан, табғач қағанқа көрміс — Түрк бектері түркі атын тастап, табғаш бектердің табғаш атын ұстап, табғашқа бағынды.*

Шылаулар арқылы да сөздер байланысқа түседі. Мұны көне түркі тілінің фактілері де дәлелдейді. *Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн — Содан соң тәңрі білік бергені үшін. Анта өтрү оғуз қопын келті — Содан соң оғыз түгел келді. Темір қапығқа тегі ертіміз — Темір қақпаға дейін қудық.* Осында *кісре* (соң), *үчүн* (үшін), *соң* (соң), *тегі* (дейін) шылаулары сөз тіркестерін жасауға қатысып тұр.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде белгілі бір жүйелілік болады. Сөз тіркесінің сыңарлары қалай болса солай тіркесе салмайды. Олар белгілі тәртіппен орналаса тіркеседі. Синтаксистік байланыстың бұл амалы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуынан кем түспейді. Біздіңше, қайта жалғаусыз тұрған орнына қарай байланысқан сөздердің байланысы берік болады [3].

Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысты ескерткіштер тілінен көптеп кездестіреміз. *Түрк будун қанын болмайын — Түркі халқы ханы болмай. Біз екі бың ертіміз — Біз екі мың екенбіз. Қызыл қаным төкті — Қызыл қанымды төктім.* Сөйлемдердегі *түрк будун* (түркі халқы), *екі бың ертіміз* — екі мың екенбіз, *қызыл қаным* сөз тіркестері ешбір жалғаусыз орын тәртібі арқылы және түрлі сөз таптарынан (зат, сан, сын есімдерден) жасалған.

Кейде сөздердің арасындағы мағыналық байланыс интонация арқылы да жүзеге асады: *Улугы шад ерті — Үлкені шад еді. Йағмысы бен ертім — Жақында дегені мен едім* [2; 109].

Қазіргі қазақ тілінде сөздердің байланысу түрлері беске бөлінеді: қабысу, қиысу, меңгеру, жанасу, матасу. Осы байланыс түрлері көне түркі жазбаларынан бізге ешқандай өзгеріссіз жеткен деп айтуға болады. Соның айғағы ретінде оларды төмендегіше қарастырдық.

Қиысу — бастауыш пен баяндауыштың арасында болатын байланыс. Мұндағы бағыныңқы мүше мен басыңқы мүше бір-бірімен тұлғасына не мағынасына қарай тұлғаланады. *Біз шег ертіміз — Біз өлімші едік. Үч көрүг келті — Үш хабаршы келді. Білге Тоникуқ бен өзүм Табғач іліңе қылантым — Білге Тоникуқ мен өзім Табғаш елінде тәрбиелендім.* Қиыса байланысқан сөз тіркестері өзара жақтық, шақтық жағынан тұлғаланған. Бұл қазіргі тілімізде де дәл осындай.

Меңгеріле байланысатын сөз тіркестері барыс, жатыс, табыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірінде тұрады да, басыңқы сөзі не есім, не етістіктен болады.

А.Аблақов сабақты етістіктердің меңгеруі туралы былай деген: «Сабақты етістіктердің меңгеруі табыс септігімен тікелей байланысты. Бірақ бұған қарап сабақты етістіктер табыс септігінен басқа септік жалғаулы сөзді меңгере алмайды деген қорытынды шығаруға болмайды. Өйткені сабақты етістіктер олардың ішінде адамның еңбек әрекетімен байланысты етістіктер табыс септігінен басқа көлемдік септіктермен де тіркесе алады. Сабақты етістіктердің бұл тәрізді бірнеше септік жалғаулы сөздерді қатарынан меңгеруі олардың мағыналық жағынан соншалықты бай, құнарлы екендігін аңғартады. Мысалы, жазу, кесу, шабу, салу, қирату, бұзу, жеу тәрізді іс-әрекетті білдіретін етістіктер, айту, сұрау, сөгу, мақтау тәрізді сөйлеу мәнді етістіктер, көру, есту, тыңдау тәрізді сезіну етістіктері сабақты етістіктер қатарынан орын алады, өйткені бұлар өзінің мағынасы жағынан тура объекті мәніндегі сөзбен сабақтасып, оларды жетегіне алып меңгеріп тұрады» [4; 64].

Сабақты етістіктер мағынасының орамдылығына қарай табыс септігінен тыс жанама септіктерді меңгере алатын болса, салт етістіктерде ондай қасиет жоқ. Қазақ тілінде салт етістіктің қатарына жататын етістіктер саны алуан түрлі, бірақ осылардың барлығы бірдей меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін құрай алмайды. Мұның өзі сабақты етістіктердің меңгеру қабілетінің әлдеқайда мол екендігін аңғартады.

Меңгеру табиғаты да етістікке тән, сондықтан да бұлардың меңгеру қабілеті есімдермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Меңгерудің тамыры тым әріден басталады.

Түркі тілдерінің бірі қазақ тілінде табыс септікті сөз тіркестері жалғаулы түрінде де, жалғаусыз түрінде де қолданыла береді. Бұл мәселеге назар аударған кейбір ғалымдар табыс септікті сөз тіркестерінің жалғаусыз түрі жалғаулы түрінен бұрын қалыптасқан деп қарайды. Бұл пікірді толығынан қуаттауға болады, өйткені, біріншіден, тым ертедегі дәуірде сөздерді өзара байланысқа түсіретін қосымшалар жоқ кезде олар бір-бірімен мағыналық жақындықтарына қарай іргелес тұрып байланысқан. Демек, тура объекті мәніндегі жалпы есімдер сабақты етістіктермен мағыналық жағынан байланыста, органикалық бірлікте тұрғандықтан, қосымшасыз, іргелес тұрып байланысып, объектілік қатынастағы сөз тіркестерін құраған болса, екіншіден, орхон-енисей ескерткіштері тілінде табыс септікті сөз тіркестерінің жалғаусыз түрі жалғаулы түрімен салыстырғанда әлдеқайда жиі кездеседі. Мысалы: *Қырық йыл ел тұтдым бодун башладым — Қырық жыл ел билеп, халық басқардым. Йеті бөрі өлтүрдүм — Жеті қасқыр өлтүрдім* [4; 21]. Бұл тәріздес тіркестерді қазіргі қазақ тілінен де байқаймыз.

Сабақты етістіктер мағынасының орамдылығына қарай табыс септігінен тыс жанама септіктерді меңгере алатын болса, салт етістіктерде ондай қасиет жоқ. Қазақ тілінде салт етістіктің қатарына жататын етістіктер саны алуан түрлі, бірақ осылардың барлығы бірдей меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін құрай алмайды. Мұның өзі сабақты етістіктердің меңгеру қабілетінің әлдеқайда мол екендігін аңғартады.

Қазақ тіліндегі салт етістіктер барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғаулы сөздерді жетегіне алып меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін құрайды.

Ескерткіштер тілінде табыс жалғауы төмендегідей тұлғаларда берілген: 1) *-ғ, -г, -ығ, -іг, -уғ, -үг;* 2) *-н, -ын, -ін, -ун, -үн;* 3) *-ны, -ні, -ы, -і.*

Ол сабығ есідіп — Ол сөзді есітіп. Өз іші — тасын тутмыс тег біз — Өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз. Сіні табғачығ өлүртөчі тірмен — Сені табғашты қырар дермін. Осы тұлғалардың ішінде қазіргі тілімізге жетпеген көне тұлғасы *-ғ, -ығ, -іг, -уғ, -үг.* Мұның қызметі *-ны* жалғаулы сөз тіркесіне ауысқан. Табыс жалғаулы сөз тіркестері орхон-енисей жазбаларында салт, сабақты етістіктермен тіркесе отырып, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін құраған.

Қазіргі қазақ тілінде барыс жалғаулы сөз тіркестерінің төмендегідей түрлері кездеседі: *-қа, -ке, -ға, -ге; -а, -е; -на, -не*. Қазіргі тілімізбен салыстыра қарайтын болсақ, барыс септігінің тұлғалары көп болған. Оның бізге жетпеген қосымшаларын байқауға болады.

Ертедегі орхон ескерткіштер тілінен барыс септігінің мынадай жалғауларын кездестіруге болады: *-қа, -ке, -ға, -ге, -а, -е, -ғару, -геру, кейде -йа, -йе, -ра, -ңару, -ңеру*. Бұл қосымшалар қолданылу аясы жағынан біркелкі болып келмейді. Мәселен, *-ға, -ге* жалғаулары дауысты және ызың дауыссыздарға аяқталған бірлі-жарым сөздерге ғана болмаса, қазіргі кездегідей көптеген сөздерге тіркесе бермейді. *Талйұқа кішіг тегмедім — Теңізге сәл жетпедім. Бунча йірге тегі йорытдым — Осыншама жерге дейін жорыттым*. Сөйтіп, *-қа, -ке, -ға, -ге* қосымшаларына тән ерекшелік ықпал заңдарына бағынбай жалғанушылық болып табылады [5].

Барыс септігінің *-а, -е* жалғауы тәуелдік жалғаулы сөздердің I, II-жақтарынан кейін жалғанады. Бұндай қолданысты көне түркі тілінен де байқауға болады: *Анта етру қағаныма өтүнтүм — Содан соң қағаныма өтіндім. Көргенің үшін ігідміс білге қағаныңа Ерміс бармыс едгү еліңе Кінтү йаңылтығ, йаблақ кігүртіг — Бағынғаның үшін көтерген қағаныңа Қасиетімен, ісімен жақсы кінәлысың, жаман шатастың*. Мысалдардағы қағаныма өтүндім, қағаныңа ерміс тіркестеріндегі *-а, -е* тұлғалары тәуелдік жалғауларынан кейін қолданылған.

Орхон ескерткіштерінде бағытты білдіру үшін барыс септігінің *-ғару, -геру* тұлғасы қолданылған. *Ана тарқанғару ічре саб ыдымыс — Ана тарқанға құпия сөз жіберді*. Аталған қосымша үстеулердің де қызметін атқарған. *Йоқару ат йете йадаған — Жоғары атты жетектеп*. Қазіргі қазақ тілінде бұл тұлға үстеу жасайтын аффикс ретінде жұмсалады.

Тілдің даму барысында жоғарыда аталған жалғаулар өздерінің қолданылу өрісін тарылтады да, оларға тән қасиеттер барыс септігінің *-қа (-ке, -ға, -ге)* жалғауына көшеді. Бұл көрсетілген варианттардың ішінен *-қа, -ке* тұлғалы сөз тіркестері орхон-енісей ескерткіштері тілінде кең көлемде қолданылса, ал *-ға, -ге* тұлғалы сөз тіркестерінің қолданылу шеңбері тар болған. Бұл *-ға, -ке* тұлғалы сөз тіркестерінің *-ға, -ге* тұлғалы сөз тіркестеріне қарағанда бұрын қалыптасқандығын дәлелдейді [4; 27].

Орхон ескерткіштерінде *-ру, -рү* қосымшалары кейде дербес жалғау ретінде де қолданылған. *Он түнке йантуқу туғ ебірү бардумуз — Он күнге дейін тау етегіне жеттік*.

Барыс жалғаулы сөз тіркестері табиғатында қимыл-әрекеттің бағытын, кімге, неге бағытталғанын білдіреді. Алайда ертедегі ескерткіштер тілінде барыс жалғаулы сөз тіркестері өз қызметінен тыс жатыс және шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің қызметін атқарып, қимыл-әрекеттің болған орнын, мезгілін, басталар жерін, себебін де білдірген.

Негізінен басқа септіктерге қарағанда жатыс жалғауы бізге көне түркі тілінен өзгеріссіз жеткен. Оның қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген *-да, -де* тұлғалары ескерткіштер тілінен бастау алған. Жатыс септігі мекенді, орынды білдіретіндіктен, мұндай септік жалғауы арқылы қалыптасқан сөз тіркестері ең алдымен көлемдік қатынасты білдіреді. Мысалы: *Ол күнте тегді — Ол күнде жетті*.

Көне түркі тілінде жатыс жалғауы шығыс септігінің де қызметін атқарған. *Түргес қаганта көрүг келті — Түргеш қағанынан елші келді*. Келтірілген мысалдан осы жайды аңғаруға болады. Жатыс жалғауы көлемдік, мезгілдік мағыналарда жұмсалса, онда олар өз міндетін атқарады, ал қимыл-әрекеттің басталар орнын, шығар жерін білдірсе, шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің қызметін атқарған. Бұлар мағыналық жағынан тек контексте айқындалған.

Шығыс септік тұлғасы қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі вариантта кездеседі: бірсыпыра тілдерде тек *д-* дыбысынан ғана басталса, кейбірінде тек қана қатаң *т-* дыбысынан басталады. Түркі тілдерінің ескі кезеңінде шығыс мәнін беретін арнаулы қосымша болды ма дейтін мәселеде бірсыпыра зерттеушілер бұл қызметті сөйлем құрамында жатыс септік атқарған деп қарайды. Мұндай көзқарасқа дәлел болатын — Күлтегін мен Тонықұқ ескерткіштерінің тілі [6; 165]. *Түргес қаганта көрүг келті — Түргеш қағанынан елші келді*. Дегенмен, өте сирек болса да шығыс тұлғасының кездесетін жайттары бар: *Оғыздантан көрүг келті — Оғыздан хабаршы келді. Өңден қағанғару сү йорыдым — Оң жақтан хандыққа қарай әскер аттанды*.

Шығыс жалғаулы сөз тіркестері түркі тілдерінің бірі — қазақ тілінде әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді, алайда осылардың ішінен тым әріден келе жатқандығын, әрі басқаларға негіз болатындығын ескеріп, екі түрлі мағынаны атап өтуге болады:

1) кеңістіктегі қимыл-әрекеттің басталар орны мен шығар жерін білдіру мағынасы; 2) қимыл-әрекеттің кімнен, неден басталатынын білдіру мағынасы [4; 32].

Қазіргі түркі тілдерінің барлығында бірдей кездеспейтін септік жалғауы — көмектес септік. Дегенмен, арнаулы грамматикалық тұлғасы бар көмектес септік — қазақ тілінің ғана ерекшелігі. Басқа түркі тілдерінде бұл жалғаудың қызметін *біле* (білен) шылауы атқарады. Көне түркі тілінде қазақ тіліндегі *-мен* септік жалғауы мен басқа түркі тілдеріндегі *біле* шылауының мәнін беретін арнайы жалғау *-ын, ін, -н* тұлғасы қолданылған [6; 168].

Қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауының мағынасы, сол тәрізді өзге түркі тіліндегі *біле* шылауының мағынасы орхон-енисей ескерткіші тілінде құралдық септіктің *-н (-ын, ін, -ун, -үн)* тұлғасы арқылы берілген. Ертедегі ескерткіштер тілінде бірлестік мағына мен қимыл-әрекетке қатыстық мағына жоғарыда келтірілген құралдық септіктің жалғауларынан тыс *бірле* шылауы арқылы да берілген [4; 34].

Көне түркі тілінде *-н* тұлғасымен қолданылған көмектес жалғаулы сөз тіркестері жиі қолданылады. *Бір еріг оқ-ун урты — Ол бір жауынгерді оқпен жарақаттады. Сүңгін ачдымым — Сүңгімен аштық.* Бұлар қимыл-әрекеттің немен істелгенін, болып өткен орнын, кейде бірлестік мағынасын білдіреді.

Тіліміздің даму тарихына назар салсақ, *-н, -ын, -ін* тұлғасы көне заманда қалыптасқандығын, ал қазақ тіліндегі *-мен* тұлғасы кейінгі дәуірдің жемісі екендігін байқаймыз.

Матаса байланысатын сөздер — негізінен зат есімдер. Мұндай сөз тіркестері ілік септігі мен тәуелдік жалғаулары арасында болады. Бұлардың байланысу тәсілдері біркелкі емес. Олар үш топқа бөлінеді.

Бірінші топтағы сөз тіркестерінің екі жағы да жалғаулы болып келеді: *Білге қағаның будуны — Білге қағанның халқы. Бениң будунум — Менің халқым.* Мұнда бірінші сыңары ілік септікте, екінші сыңары тәуелдік жалғауларының I, II-жақтарында берілген.

Екінші топтағы сөз тіркестерінің бірінші сыңары жалғаусыз, екінші сыңары жалғаулы болып келеді. *Сү басы — Әскер басы. Бен өзүм — мен өзім.*

Үшінші топта тәуелді жалғаулы сөз ілік жалғаулы сөзсіз байланысып тұрады. *Қағаным — қағаным. Йағымыз — жауымыз. Йағычысы — бастаушысы.*

Матаса байланысқан сөз тіркестері анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Олар меншіктілік қатынасты (*қағанның будуны — қағанның халқы*), *табғач сүсі* (табғаш әскері), туған-туыстық қатынасты (*түрк будун — түркі халқы*), бөлшектеу мағынасын (*бу үчегү — бұл үшеуі*) білдіреді.

Қабысу — түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы байланысады. Ескерткіштер тілінде қазіргі қазақ тіліндегідей қабыса байланысқан сөз тіркестерінің сыңары зат есім, сын есім, сан есім, есімше, есімдік сияқты сөз таптарынан жасалады. Анықтауыштық қатынастағы тіркестерді құрайтын зат есімдер бір-бірімен атау тұлғада қабыса байланысады. *Түрк будун* (түркі халқы), *Алтун йыс* (алтын қойнау), *Қапаған қаған* (Қапаған қаған). Зат есімдерден құралған сөз тіркестері әр түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады.

Ескерткіштер тілінде меншіктілік қатынастың арнаулы аффикссіз берілуі көне түркі тілінің өзіндік бір ерекшелігі болып табылады. Жазбалар тілінде ұшырасатын сондай сөз тіркестеріне назар аударайық: *табғач будун* (табғаш халқы), *түрк будун* (түрк халқы), *қон йыл* (қой жылы) [7].

Сын есімді сөз тіркестері анықтауыштық қатынаста қолданылады. Анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сын есімдер заттың түсін, көлемдік сапасын, бір затқа қатысын т.б. білдіреді. *Семіз бұқа* (семіз бұқа), *йірчі йір* (жершіл ер), *өрүң күмүс* (ақ күміс), *қызыл қан* (қызыл қан), *йарақлығ йағ* (қарулы жау).

Сын есімдер өздерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай басқа бір сөздің, көбінесе заттың атын білдіретін сөздер жетегінде айтылады. V–VIII ғасыр ескерткіштері тілінде де олар зат есімдердің, арагидік етістіктердің жетегінде айтылып, жалғаусыз, орын тәртібі және дауыс ырғағы арқылы байланыста тіркес құрайтын сөз тобы ретінде көріне бастады. Орхон-енисей жазбалары тілінде сын есімдермен келген мына сияқты сөз тіркестері жиі ұшырайды: *сарығ алтун, өрүң күмүш ...көлүрті* (сары алтын, ақ күміс әкелді). *Түрк білге қағантма бітідім бен білге Тонықұқ* (Түріктегі Білге ханының еліне арнап жаздырдым мен білгір Тонықұқ). Осы сөйлемдердегі *сарығ алтун, өрүң күмүш, білге Тонықұқ* тәрізді сын есімдермен келген сөз тіркестері қазіргі қазақ тіліндегі *ақ орамал, сары шаш, білгір кісі тәрізді* тіркестерден грамматикалық жағынан болсын, семантикалық жағынан болсын айырмашылығы жоқ [7; 4].

Сапалық сын есімдер мен зат есімдер тіркескенде, мына фактіні еске алу қажет: ескі түркі тілінде сапалық сын есімдер сан жағынан аз болумен қатар, олардың қолданылу сферасы да,

мағыналық мәнерлері де шағын болды. Қатыстық сын есімді анықтауыштық сөз тіркестерін жасауда сын есім тудыратын қосымшалардың қызметі ерекше. Мысалы: *йарақтық елігін* (қарулы қолбасыларын), *күнлік бітімін* (күндік жазуымды), *ішіре ассыз, ташира тонсыз* (іші ассыз, тысы киімсіз), *чөлгі аз ері бұлтым* (шөлдегі аз халқының бір ерін таптым) т.б.

Сан есімді сөз тіркестерінде сан есімдер де өзі бағынатын сөздерін сан мөлшері жағынан айқындап, анықтауыштық есім сөз тіркестері құрамына енеді. Мұндай тіркестерде сан есімді анықтауыштар өзі бағынышты сөздердің алдында тұрып, онымен қабыса байланысады, ал басыңқы компонент заттың атын білдіретін сөз, не заттық ұғымын жоймаған қатыстық сын есімдер болуы мүмкін. Мысалы: *екі үлгі* (екі бөлегі), *жеті үз кісі* (жеті жүз кісі), *тоқуз оғуз* (тоғыз оғыз), *екі-үч бың сү* (екі-үш мың қол), *үч отуз балық* (жиырма үш қала), *икінті сүңүс* (екінші соғыс) т.б.

Тарихи жазбалардан есімдікті сөз тіркестерінің мынадай түрлерін кездестіруге болады: *бу йол* (бұл жол), *ол суб* (ол сөз), *ол йер* (ол жер), *не буңы* (не мұны). Есімдіктердің ішінде сілтеу, сұрау есімдіктері қабыса байланысқан сөз тіркестерін жасауға қатысады.

Есімшелі сөз тіркестері — түркі тілдерде көне дәуірден бері келе жатқан синтаксистік құбылыс. Көне түркі тілінде есімшелер *-дуқ, -дүк, -дүк, -түк, -мыш, -миш, -ығма, -ігме* қосымшалары арқылы жасалған. *Бардуқ йірде* (барған жерде), *келігме беглер* (келген бектер), *йатығма тағ* (жатаған тау), *будун болмыш үчүн* (халық болғаны үшін). Бұлар — есімшенің көне тұлғалары. Қазіргі тіліміздегі есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтін* тұлғалары кейін қалыптасқан. Көне түркі тілінде қазіргі тіліміздегі есімшенің *-ар, -ер, -р* тұлғалары бізге сол күйінде жеткен. Мысалы: *көрур көзім* (көрер көзім), *білір білігім* (білер білімім).

Көне түркі тілінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерімен қатар етістікті сөз тіркестері де жиі ұшырасады. Мысалы: *түн қатдымыз* (түн қаттық), *бод қалматы* (ештене қалмады), *қаған олурты* (қаған көтерді), *оғуз клті* (оғыз келді).

Ғ.Айдаров «Күлтегін» ескерткішіндегі қабыса байланысқан сөз тіркестерін былай топтастырады:

Меншілікті көрсететін сөздер: *беңгү таиш* — мәңгі тас, *табғач будун* — табғаш халқы, *түрк беглер* — түрк бектер.

Географиялық атаулар: *Өтукен йыш* — Өтукен қойнауы, *Шантун йазы* — Шантун жазығы, *Темір қапығ* — Темір қақпа.

Жыл, ай атаулары: *қой йылқа* — қой жылғы, *бічін йыл* — мешін жыл, *йетінч ай* — жетінші ай.

Өлшемдік қатынастар: *ең ілкі* — ең ілкі, *біш йолы* — бес рет [8].

Жанасуда кейбір пысықтауыштар етістіктен болған баяндауыштармен ешбір орын талғамай байланысады. Мысалы: *ебіру түсейін* (айнала түсейін), *күнтуз олурматы* (күндіз отырмады), *тун удыматы* (түн ұйықтамады). Қабысуда өзара тіркескен сөздер орындарын өзгертпей, жұбын жазбайды. Ал жанасуда олай емес, кей кездері тіркескен сөздер бір-бірінен қашық тұра береді [9]. Жанасу — пысықтауыш пен баяндауыш арасында болатын байланыс. Жанаса байланысқан сөздердің сөйлемдегі орны ерікті, олар сөйлемнің басында, ортасында келе береді.

Қорыта келгенде, тіліміздің тарихының қайнар көзі болған «Орхон-Енисей» ескерткіштерінде қолданылған сөз тіркестерінің қолданысы қазіргі қазақ тілінен көп алшақтай қоймайды. Біздің тілімізге жетпеген кейбір септік жалғауларының көне тұлғалары арқылы қалыптасқан сөз тіркестері болмаса, қазіргі тілімізде қолданылып жүрген сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен формаларында айтарлықтай ерекшелік жоқ. Біз бұдан көне түркі тілі мен қазіргі қазақ тілінің арасында сабақтастық бар екендігін байқаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Аманжолов А.* Түркі филологиясы және жазу тарихы. — Алматы: Санат, 1996. — 44-б.
- 2 *Айдаров Ғ.* Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы: Мектеп, 1986. — 173 б.
- 3 *Қазақ грамматикасы.* — Астана, 2002. — 57-б.
- 4 *Сайрамбаев Т.* Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. — Алматы: Рауан, 1976. — 96-б.
- 5 *Аблақов А.* Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. — Алматы: Мектеп, 1986. — 3-б.
- 6 *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1981. — 207 б.
- 7 *Ағманов Е.* Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. — Алматы: Мектеп, 1986. — 62-б.
- 8 *Айдаров Ғ.* Күлтегін ескерткіші. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 141,142-б.
- 9 *Айдаров Ғ.* Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. — Алматы: Қазақстан, 2000. — 85-б.

З.Н.Жуынтаева, М.А.Турсунова

Употребление словосочетаний в древнетюркском языке

В статье рассмотрены особенности употребления словосочетаний в древнетюркском языке. Указаны синтаксическая связь и способность окончаний падежей, спряжений, множественного числа формировать словосочетания. Связь слов в предложениях осуществлена с помощью порядка слов, интонации, служебных слов. Авторами статьи приведены языковые факты. Проявление в древнетюркских памятниках видов связи слов современного казахского языка определено историческо-сравнительным методом.

Z.N.Zhuynntaeva, M.A.Tursunova

Application of phrases in drevnetyurksky language

In the article application of word-combinations is considered in a древнетюркском language. Syntactic connection and ability to form the word-combinations of completions of cases, conjugations, plural are specified. Connection of words in suggestions comes true by means of order of words, intonation, empty words and it in the article is proved by language facts. Display in the monuments of kinds of connection of words of modern Kazakh of осуществлены by a historical-comparative method.

ӘОЖ 81'

Ж.Д.Рапишева, С.А.Төленова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: R_Zhanat@mail.ru)***Қазақ тіліндегі алғашқы іс қағаздарындағы терминдік атаулар**

Мақалада қазақ тіліндегі іс қағаздарының алғашқы үлгілері мен олардың тілдік ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу еңбектеріне сүйеніп отырып, ресми іс қағаздарының алғашқы түрлері көне дәуірлерден бастау алатыны сөз болып, тұңғыш қазақ газеттерінде басылған қатынас қағаздары мен құжаттардың тілі қазіргі қазақ тілімен салыстырыла талданды. Қазақ іс қағаздар тілінің қалыптасу кезеңдерін көрсететін түрлі тілдік фактілер келтіріліп, қазақ тіліндегі алғашқы іс қағаздарында кездесетін терминдік атаулар мен қолданыстар сипатталды.

Кілтті сөздер: іс қағаздары, іс қағаздарының алғашқы үлгілері, іс қағаздарының түрлері, іс қағаздарының тілі, ресми құжаттар, терминдік атаулар, терминдік қолданыстар.

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу заман талабына сай жүргізілуі үшін ресми және іс қағаздары терминдерінің қалыптасу тарихын, қазіргі тілімізде берілу барысын, жасалу жолдары мен тәсілдерін, қолданылу ерекшеліктерін анықтау қажеттілігін туындатты.

Қазақ іс қағаздары тілінің тарихы сол тілдің иесі болып табылатын халық тарихымен, іс қағаздарын қатынас құралы ретінде қолданған қоғам тарихымен тығыз байланысты екендігі даусыз. Сондықтан қазақ іс қағаздар тілінің тарихын зерттеуде зерттеушілер екі принципті басшылыққа алады. Бірінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің тарихын, оны туғызған, тілдік қатынас ретінде пайдаланған қоғам тарихымен тығыз байланыста, бірлікте қарау принципі. Өйткені тілдің дамуы қоғамның дамуына, оның экономикалық, мәдени өміріндегі өзгерістерге байланысты болады. Екінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің қалыптасу кезеңдерінде кездесіп отыратын түрлі тілдік фактілерді, тілдік ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салыстыра қарау принципі.

Зерттеушілер қазақ әдеби тіліндегі ресми стильдің қалыптасу кезеңі мен оның түрлері туралы әр түрлі пікірлерді ұстанады. Кейбір тілші-ғалымдардың пікірінше, қазақ қаламгерлері XVI ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақтың көне жазба әдеби тілінде ресми іс қағаздарын жазды, өзара хат жазысты.